

Алтай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы мәслихатының 2017 жылғы 26 маусымдағы № 19/8-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 тамызда № 5149 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 4 наурыздағы № 14/3-VII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 04.03.2022 № 14/3-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 24.06.2020 № 68/2-VI шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің қолданысы тоқтатылған – Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 12.04.2019 № 47/13-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1- бабының 1) және 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1- тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 болып тіркелген) бұйрығына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14285 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Зырян ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің 1- қосымшасына сәйкес Зырян ауданына бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2- қосымшасына сәйкес Зырян ауданына бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарын көму тарифтері бекітілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Зырян ауданының
мәслихат хатшысы*

О. Ледянкин

Л. Гречушникова

*Зырян ауданының
мәслихатының
2017 жылғы 26 маусымдағы
№ 19/8-VI шешіміне
1-қосымша*

Алтай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 24.06.2020 № 68/2-VI шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Коммуналдық қалдықтардың жинақталу нысаны	Есептік бірлік	1 есептік бірлігіне жылдық норма, м3
1	Жайлы үйлер Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,85 2,25
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,75
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,76
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,82
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,58
6	Емханалар	1 келіп кету	0,002
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,71
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,35

9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,89
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,400
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,060
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,075
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,090
14	Азық-түлік, Өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,65 0,62
15	Машиналардан сату	Сауда алаңы 1 м2	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,22
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,12
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,15
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,95
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,95
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,42
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	2,1
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмыскер	2,2
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,3
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,01
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,3

28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,5
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,8
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,4
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,65
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,25

Зырян ауданының
мәслихатының
2017 жылғы 26 маусымдағы
№19/8-VI шешіміне
2-қосымша

Зырян ауданына бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарын көму тарифі

Атауы	1 м ³ тариф (ҚҚС) (теңге)
Заңды тұлғалар	1300
Жеке тұлғалар	1300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК